

МҰНАЙЛЫ ӨҢІРДІҢ МӘУЕЛІ БӘЙТЕРЕГІ



1, 3

ТАРИХИ ЭКСПЕДИЦИЯ



4

МҰРАҒАТ ДЕРЕКТЕРІ СЫР ШЕРТЕДІ



7



Embi ТЫНЫСЫ

№11 (95)
ШІЛДЕ
2022 жыл

«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:

Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз.



МҰНАЙЛЫ ӨҢІРДІҢ МӘУЕЛІ БӘЙТЕРЕГІ



100 жылдық айтулы мерейлі мереке аясында «EmbiMunayGas» АҚ өңір руханияты мен әлеуметіне арнап көптеген ірі іс-шаралар ұйымдастыруда. Өткен жұма күні Махамбет атындағы академиялық драма театрында ұйымдастырылған «Мұнайлы өңірдің мәуелі бәйтерегі» атты салтанатты шара мерейгер компанияның дәстүрлі бастамаларының жалғасы болды.



Жиын барысында «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы Басқарма төрағасының барлау және өндіру жөніндегі орынбасары, «EmbiMunayGas» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің төрағасы, «EmbiMunayGas» акционерлік қоғамы 100 жылдық мерейтойына орай құрылған жұмыс тобының төрағасы, «Құрмет» орденінің иегері, Ғылым мен техника саласындағы әл-Фараби атындағы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының иегері Құрманғазы Есқазиев ембілік ардагерлер мен мұнайшыларды 100 жылдық мерейтоймен құттықтады.

- Биыл қазақстандық мұнай-газ саласы үшін елеулі жыл. Қарашаңырақ Embi-нің ғасырлық мерейтойы мен «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясының да 20 жылдығы

түспа-түспеліп отыр. Осынау елеулі мерейтойлармен баршаңызды «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ Басқарма төрағасы Мағзұм Мырзағалиев ұжымы атынан құттықтаймын! Embi-нің 100 жылдығына орай «ҚазМұнайГаз» көлемінде арнайы комиссия құрылып, іс-шаралар жоспары бекітілді. Бұл шаралар Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі мен Президент Әкімшілігі тарапынан қолдау тауып, өткізілуде. Бүгін сол шаралардың бірінде жиналып отырмыз, - деп атап өтті ҚМГ Басқарма төрағасының барлау және өндіру жөніндегі орынбасары Құрманғазы ЕСҚАЗИЕВ.

(Басы. Жалғасы 3-бетте)

Безопасность**КАК ДЕЙСТВОВАТЬ ПРИ УГРОЗЕ ИЛИ СОВЕРШЕНИИ ТЕРРОРИСТИЧЕСКОГО АКТА?**

Служба корпоративной безопасности провела занятие с сотрудниками центрального офиса АО «Эмбаунайгаз» на тему «Террористический акт на территории объекта и действия персонала по его предупреждению или снижению последствия». Лектором выступил преподаватель и методист ТОО «Мусахан» Андрей Конченко.

Как нужно себя вести, если вдруг возникла угроза или совершен террористический акт? Каждый гражданин, оказавшийся в районе чрезвычайной ситуации, должен проявлять самообладание, личным примером воздействовать на окружающих, а при необходимости пресекать случаи грабежей, мародерства и другие нарушения законности.

Оказав первую помощь членам семей, окружающим и самому себе, гражданин должен принять участие в ликвидации последствий чрезвычайной ситуации, используя для этого личный транспорт, инструмент, медикаменты, перевязочный материал и т.п.

Главное, нужно помнить, что правильные и грамотные действия помогут сохранить жизнь как самому гражданину, так и его близким.

На занятии были детально изучены меры безопасности при угрозе проведения террористического акта, личной безопасности и защиты от взрывных устройств и т.д.

Необходимо отметить, что данное занятие было проведено во всех производственных структурных подразделениях. Работники НГДУ проявили активный интерес к теме антитеррористической безопасности. Лектор А.Конченко доступным языком ответил на все вопросы нефтяников.

Встреча**НЕФТЯНИКИ И ГАЗОВИКИ ОБМЕНЯЛИСЬ ОПЫТОМ**

С целью обмена опытом, АО «Эмбаунайгаз» посетила группа сотрудников ТОО «Амангельды Газ» во главе с первым заместителем генерального директора Ансаром Бакбергеновым. Делегацию газовиков принял заместитель председателя Правления АО «Эмбаунайгаз» по производству Канатбек Касымгалиев. Он вкратце рассказал о текущей производственной деятельности компании, отметив, что этот год для Эмбаунайгаза юбилейный: родоначальник отечественной нефтегазовой отрасли отмечает свое 100-летие.

Ответно Ансар Бакбергенев поблагодарил эмбinceв за теплый прием и кратко остановился на цели визита. ТОО «Амангельды Газ» - сравнительно молодое предприятие, созданное в 2003 году. Компания занимается добычей газа и газового конденсата на месторождении Амангельды, расположенном в Жамбылской области. Развивающееся производство стремится идти в ногу со временем и всегда готово перенимать лучшие традиции и накопленный опыт у успешных компаний.

Два дня пребывания делегации в Эмбе стали насыщенными и плодотворными. Газовики посетили интеллектуальное месторождение Уз и ознакомились с работой



Центра оперативного управления производством. Также был обсужден ряд вопросов, в том числе: по геологоразведке и бурению, строительно-монтажным работам, интенсификации добычи нефти, промышленной безопасности, охране труда и технике безопасности, цифровизации, реализации кадровой и социальной политики. О вековой истории Эмбы гости узнали, просмотрев документальный фильм и посетив музей.


Подытоживая поездку на Эмбу, первый заместитель генерального директора ТОО «Амангельды Газ» Ансар Бакбергенев поделился своими впечатлениями: «Работа, проведенная по цифровизации производственных процессов, впечатляет. Если раньше мы ездили за границу для обмена опытом, чтобы увидеть новые технологии, как они применяются в производстве, либо чтобы изучить опыт по цифровизации, то сейчас есть хорошая возможность увидеть это

на базе национальной компании, а именно в АО «Эмбаунайгаз». Вдвойне приятно было узнать от коллег их путь развития, работу над ошибками и другие нюансы при разработке и проектировании работ. Отдельно хочу подчеркнуть высокую социальную ответственность компании и организованность ее сотрудников. Заметно было, что каждый работник компании гордится тем, что является частью большого сплоченного коллектива - АО «Эмбаунайгаз».



(Жалғасы. Басы – 1 бетте)

МҰНАЙЛЫ ӨҢІРДІҢ МӘУЕЛІ БӘЙТЕРЕГІ



Махамбет БАТЫРБАЕВ, «Ембімұнайгаз» АҚ-ын 1995-2002 жылдары басқарған ардагер:

Қазақ мұнайының флааманы

- 100 жылдық тарих аз ғана уақыт емес. Осынау кезеңде қаншама ерен еңбек, қол жеткізген табыстар, елдегі экономикалық-саяси оқиғалар сабақтасып жатыр.

Мерейтой қарсаңында қазыналы Ембіге жетекшілік еткен біздерді де ұмыт қалдырмай, кештің қадірлі қонағы етіп шақырып жатырсыздар. Алғысымды білдіремін.

Осынау кезеңде елдің экономикалық жағдайларына байланысты түрлі жағдайлар орын алды. Алайда, қарт Ембі тарихи жылнамасын сәтті жалғап келеді. Өндіріске жаңа технологиялар енгізіліп, кадрларды дамыту жұмысы жақсы жолға қойылған. «Ембімұнайгаздың» қол жеткізген табыстарын бұқаралық ақпарат құралдарынан оқып, естіп, қуанып отырамыз. 100 жыл ішінде Ембі 188 миллион тоннадан астам мұнай өндірген.

Ембіні қазақ мұнайының флааманы деп атауға толық негіз бар. 100 жылда Ембі өз статусын жоғалтқан жоқ. Осы кезеңде қаншама мекемелер ашылып-жабылды, қаншамасы бірікті, қаншамасы шетелдік үлеске берілді... Ал, Ембі отандық кәсіпорын болып жұмысын әлі күнге дейін сақтап келеді.

Жабас ҚҰЛБАЛИЕВ, Құлбалиевтер әулетінің өкілі:

Әкемнен басталған мұнайшылық кәсіпті балаларым жалғап келеді

Атам Құлбала Маңғыстаудың Жыңғылды деген жерінде туып-өскен. Мұнайдан хабары болмаған еді. Кейін Жылыой өңіріне табыс көзін іздеп келіпті. Атам орыс тілін жақсы меңгерген екен.

Бір кездері Мәскеуден орыс геологтар келген. Ол кезде көлік жоқ. Жол көрсететін адам іздейді. Атама жолығып, Қарашұңгіл, Мұнайлы, Төлес кеніштеріне арбамен апарып жақсы араласып кеткен. Кейін өзінің ұлын – менің әкем Тұтқыш Құлбалиевты мұнай саласына жұмысқа жұмысшы етіп орналастырған. Біздің әулеттің мұнайшылық кәсіпке ден қоюы осылайша басталған.

Әкем 1902 жылы туған. Өзім 1940 жылы дүниеге келдім. 1947-48 жылдары жерасты жөндеу бригадасында еңбек етті. Бала болсам да, есімде жақсы сақталды. Сол кезде әкем үйге келгенде төбесінен бастап май ағып тұратын. Ол мезгілде қазіргідей жағдай жоқ. Соғыстан кейінгі жылдар. Ауыр кезең. Кейін өзім мұнайшы болып, балаларым да ата кәсібін абыройлы жалғауда.

Ембі ардагерлерін үнемі құрметтеп келеді. Қолдауды сезінеміз. Ембінің 100 жылдығы құтты болсын. Мұнайшыларға абыройлы еңбек, табыс тілеймін.



Сонымен қатар, «Ембімұнайгаз» АҚ-ның Басқарма төрағасы Есен Қайыржан құттықтау сөзін сөйлеп, бұл шараның маңыздылығына тоқталды.

Жиын барысында тағдырын туған жердің ырыс-несібесін еселеумен байланыстырған, адал кәсіпті атадан-балаға мирас еткен, ғұмыр шежіресі ғасырдан астам уақытқа созылған мұнайшылар династиялары, компанияның әр жылдардағы бас тізгінін абыроймен ұстаған бұрынғы басшылар, өндіріс саласының 30 ардагері, кәсіподақ ұйымдары жетекшілеріне құрмет көрсетіліп, «Ембімұнайгаз» АҚ-на – 100 жыл» мерейтойлық медалі табысталды.

PS. Ғасырдан астам уақыт ішінде он мыңдаған ембілік өндіріс саласында жанқиярлықпен еңбек етті. Күшпен коллективтендіруді, ашаршылықты, сұрапыл соғысты бастан өткерді. Заманның үш бірдей формациясына куә болды. Бүгінде азат Отанының бағына бел шешіп еңбек етуде.

Өткенге құрмет, өзіңнен кейінгіге өнеге көрсету, тарихқа үңіліп, танымды кеңейту, мәртебелі еңбекке бас июді мақсат еткен шара соңы қазақ ән өнерінің жарық жұлдызы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Толқын Забированың концерттік кешіне ұласты.



ТАРИХИ ЭКСПЕДИЦИЯ

ЕМБІЛІК ЖАС МҰНАЙШЫЛАР САРАЙШЫҚ КӨНЕ ҚАЛАШЫҒЫНДА БОЛДЫ



«Ембімұнайгаз» АҚ-ның 100 жылдығына орай компанияның жас мамандары Атырау өңіріндегі ортағасырлық Сарайшық қалашығына экспедицияға барды. Ең алдымен, жастар Махамбет ауданы Сарайшық ауылындағы «Сарайшық» музей-қорығында болып, мұндағы жәдігерлермен танысты.

- 100 жылдық мерейтойға орай жоспарланған іс-шараларға сәйкес, компанияның жас мамандарына да арналған бірқатар шаралар ұйымдастырылуда. Бұған дейін жас мамандар алғаш мұнай бұрқағы атқылаған – Қарашұңгілде, атақты №3 ұңғыма орналасқан жерлерде болған еді. Осы жолы да тарихымызды жастарға таныстыру мақсатында Сарайшық қалашығына жол тарттық, - деді **ЕМГ әлеуметтік саясат және әкімшілік қамтамасыз ету департаментінің директоры Қуандық Калидуллин.**

Музей-қорығында жастарға хандар кесенесі, мешіт, этноауыл таныстырылды. Айта кетсек, «Сарайшық» музей-қорығы 1963 жылы ашылған. Алғашында ауыл шаруашылығы тәжірибе стансасы ғимаратында орналасқан. 1999 жылы 2-мамырда «Хан Ордалы Сарайшық» музей-қорығының іргетасы қаланып, 3-қыркүйекте ашылады.

Кезінде Сарайшықта жүзге жуық хан хандық құрған. Солардың аруағын еске алу мақсатында он жеті метр биіктікте ескерткіш қойылды. Қабырғаларының арқасына Сарайшықта жерленген жеті ханға арналып жасалған жеті құлпытас қойылған. Жас мұнайшыларға Алтын Орданың хандарына қысқаша түсініктеме беріледі.

Хандар кесенесінің биіктігі 14 метрді құрайды. Сегіз қырлы, төбесі күмбезделіп жабылған. Сыртқы беті ою-өрнектермен көмкерілген.

- Қабырғалардың ортасында Сарайшықта жерленген Ұлық Ұлыстың – Алтын Орданың үш ханына, Ноғай ордасының үш биіне және Қазақ хандығын билеген Қасым ханға арналған символикалық құлпытастар қойылған. Бұл құлпытастардағы қара мәрмәр тақтайшаға хандар мен билердің есімдері, билік жүргізген жылдары жазылған.

Сарайшық жерінде алғаш рет болуым. Шынтуайтқа келгенде, Қасым ханның және де Ноғай ордасы билерінің біздің өңірімізде жерленгенін білмеппін. Осы сапар арқылы төл тарихымызға терең бойлағандай болып отырмын, - дейді **«Өндірістік-техникалық қамту және жабдықтармен комплектациялау» басқармасының Жас мамандар кеңесінің жетекшісі Азамат САҒЫТЖАН.**

Жалпы тарихшылардың айтуынша, Сарайшық қаласының іргесі Алтын Орда тұсында, нақтырақ айтсақ, XII ғасырда қаланған. Қаланы Шыңғыс ханның немересі, Жошының баласы Бату хан салдырғандығы хақында деректер бар. Сарайшық туралы алғашқы жазба дерек қалдырған – арабтың белгілі географ-

ғалымы, саяхатшысы Ибн-Батута. Ол 1334 жылы келіп, шаһарды аралап, «Өмірлік саяхат» атты кітабына мынадай естелік жазып қалдырыпты: «Мен дүние жүзінің бәрін араладым. Сонда аңғарғаным, Сарайшық – Бағдаттан кейінгі ірі қала екен. Жер бетінде Бағдаттан кейінгі екінші жүзбелі көпір осында екен. Қалада ханның салтанатты сарайы және төрт мешіт бар. Қонақ үйлердің есебіне сан жетпейді. Бірақ, мен оларды көріп таңқалған жоқпын. Менің таңқалғаным – жер шарын шарлап жүргенімде, көрмеген бір қызықты Сарайшықтан көруім болды. Мұнда су әрбір үйге өзі барады екен».

Бұл жерде саяхатшының «су әрбір үйге өзі барады» деп тұрғаны – XIV ғасырдың ортасында Сарайшықта кәріз желілері салынып, әрбір үйге су қыштан жасалған құбырлар арқылы жүріп тұрған.

Бұдан сонау XIV ғасырдың өзінде-ақ, Сарайшықта өркениеттің дамығанын көруге болады. Сол уақытта қалада сәулетті сарайлар, мешіттер, моншалар, қонақ үйлер салынған. Мәселен, Сарайшық жөнінде жазба дерек қалдырған ағылшын көпесі Антоний Дженкинсон былай деп жазады: «Батыста Парижді көру арман болса, Шығыста Сарайшықты көру таңсық екен. Сол құмарлықпен Сарайшыққа келіп, көлігімнің болмай қалуына байланысты бір ай тоқтап қалдым. Бұл жерге айына жеті жүзге дейін керуен келеді екен. Қала үлкен сауданың орны, іздеген затыңның бәрі бар», — депті. Яғни, Сарайшық – сол кездегі саудасы дамыған үлкен шаһар!

Сарайшық арқылы өтетін сауда жолы XII-XIV ғасырларда Шығыс пен Батысты жалғады. Осы жол Үндістан, Түркия, Қытайды, Моңғолияны Еуропа елдерімен байланыстырды. Қытайдан жібек артқан керуен Тараз, Отырар арқылы Сыр бойын жағалап, Пәкістан, Үнді, Араб елдерінен шыққан керуендермен бірге Сарайшықта тоғысып, Еуропаға асатын.

Сондай-ақ, музейді тамашалаған ембілік жас мамандардың зейін қойып тыңдағандары – ханның сұлу қызының аққу толы «Секер көлде» алтын қайықпен серуендеуі жайлы хикаяты.

Хан сүйікті қызына арнап Сарайшықтың күнбатыс жағынан жасанды көл жасатқан. Көлдің суын он бес-жиырма күн сайын ауыстырып тұратын болған. Суын ауыстырған сайын көлге секер себеді екен. Секер себетіні, су тәтті болса, аққу көп қонатын болған. Сондықтан, бұл көл тарихта «Секер көл» деген атақпен қалған. «Көлдің сәнін арттыра түсейік, халықтың келуін көбейтейік, бұл жердің атағын әлемге таратайық» деген ниетпен хан қызына алтын қайық жасатып берген. Ханның қызы алтын





қайығына мініп, анда-санда қыдыруға шығады екен. Ол кезде қала халқы көл жағасына келіп, ханның қызын, алтын қайықты көреді.

Он төрттен он беске қараған шағында ханның қызы бір түнде қайтыс болады. Хан халқына «Қызымды бір айдан кейін жерлеймін» деп хабар береді. Бірақ, сол күні, өзіне деген сенімді жеті адамды шақырып, «Қызымды бүгін түнде апарып жерлендер, өзін алтын табытқа салыңдар, алтын қайығын, алтын жасауларын бірге апарып көміңдер. Бірақ, көмген жерді адам білмейтін болсын. Сондай етіп көмсеңдер, әрбіреуіңе алтын қайықтың құнындай сый сыйлаймын» – деп уәде берген екен.

Олар қызды сол күнгі түнде жерлеп, ертесіне келіп, «Тақсыр, аманатыңызды толықтай орындадық, ұшқан құс, жүгірген аң, ешқандай жан білмейтіндей етіп жерледік» деп хабар етеді. Сол бойда хан жетеуінің де басын алдырған. Содан бастап, Сарайшықтың жерінде алтын қайық, алтын табыт, алтын жасаулар жатыр. 1880 жылы қала қиратылғаннан кейін он бір жыл қазылып, іздеген. Бірақ, табылу, табылмауы жөнінде ешқандай дерек бүгінге дейін жоқ.

- Расында да, бұл кім-кімді де қызықтырмай қоймайтын бір әсерлі әңгіме ғой. Бұрын-соңды Сарайшық қаласы туралы естігеніммен, жол түспеген еді. Сарайшықтан көненің көзі жәдігерлер көптеп табылған. Бірнеше ғасыр болса да, өңі мен түсін өзгертпеген жәдігерлерді ұстап көргенде ерекше әсерге кенеледі екенсің. Осындай мағыналы, рухани серпілтетін саяхат ұйымдастырған «Ембімұнайгаз» АҚ жауапты мамандарына жас мұнайшылар атынан ризашылығымды білдіремін. Сарайшық қаласы жас ұрпақ санасында айбарланып, қарт тарихты сары алтындай айшықтап қала бермек, - дейді **«Жайықмұнайгаз» МГӨБ жас маманы Шыңтас ЕСМАҒАНБЕТОВ.**

Ал, көне қалашық орнында жас мамандар жүргізіліп жатқан археологиялық қазба жұмыстарымен танысты.

XV ғасырда батыста қатты су тасқыны болып, Жайықтың арнасы кеңейді. Сол кезде қаланың біраз бөлігі су астында қалған. Оның үстіне жыл сайын су тасыған кезде қаланы су шайып кетіп жатты. Осы мақсатта 2018 жылы өзенге бекініс салынған болатын.

Сарайшық қалашығында археологиялық зерттеу-қазба жұмыстары жүргізіліп келеді. Табылған құнды жәдігерлер музей-қорығында сақтаулы тұр. Хан ордасы болған, Алтын Орданың ресми маңызды қаласы Сарайшық туризм тұрғысынан әлі де мыңдаған туристі өзіне тартып, сан қырлы сиқырын ұсына алады.



Жуырда «Ренессанс» қонақүйінде «Ембімұнайгаз» АҚ жас мамандары арасында «Не? Қайда? Қашан?» интеллектуалды ойыны өтті. Шараға Компанияға қарасты өндірістік-құрылымдық бөлімшелерден жас мамандар қатысып, 8 команда арасында сайысқа түсті.



- Компания жас мамандардың бойында патриоттықты қалыптастыруға және тұлғалық дамуға, салауатты өмір салтын қалыптастыруға баса назар аударуда. Осыған орай биыл ЕМГ-нің 100 жылдығына арналған бірқатар шаралар жастарға арналып отыр. Бүгінгі шара жастардың логикалық ойлау қабілеттерін арттырумен қатар, ғасырлық тарихқа үңілуге септігін тигізеді, - деді **ЕМГ әлеуметтік саясат және әкімшілік қамтамасыз ету департаментінің директоры Қуандық КАЛИДУЛЛИН.**

Интеллектуалды жарыс 2 кезеңнен тұрды. Алғашында командалар 40 сұраққа жауап беріп, ұпай жинады.

Сайыс қорытындысымен ұпай саны бойынша «Эйнштейннің ағайындары» командасы III орынды, «Бірлік» командасы II орынды иеленді. Ал, «Бар ел» командасы ең көп сұраққа дұрыс жауап беріп, жеңімпаз атанды.

Сайыстың екінші кезеңінде «Бар ел» командасы жекелей сында бақтарын сынады.

- Биылғы жастар жылына байланысты көптеген ұйымдастырылуда. Соның бірі – жақында өткен «Не? Қайда? Қашан?» интеллектуалды ойыны. Осы ойында «Ембімұнайгаз» жас мамандарынан біріктірілген 8 команда қатысып, өз білімдерін ортаға салды. Жарысқа қатысқан әр команда өздерінің логикалық ойлау қабілеттерінің жоғары екендігін көрсетті. Жарыс қорытындысымен біздің команда жеңіске жетті. Әр басқармадан келіп, басымыз қосылса да, достығымыз орнап, бір команда болып өнер көрсеттік. Ойын арқылы өзіміздің ой-өрісімізді дамытуға, ұйымшылдыққа, жаңа таныстыққа, білімімізді тереңдетуге мүмкіндік алдық, - деді **«Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының жас маманы Олжас ТЕМІРОВ.**

Шара қорытындысымен жеңімпаз және жүлдегер командаларға кубок, диплом және ақшалай сыйлықтар табысталды.



ҰЖЫМЫМ - ЕКІНШІ ҮЙІМ

Мұнай дегенде бірден транспорт пен энергетиканың негізгі қорғаушы күші деген түсінік ойға оралатыны бар. Бірақ, мұнай тек сол салаларға ғана емес, күнделікті өмірімізбен сабақтасып жатқан 6000 немесе одан да көп тауарларды өндіруде пайдаланылады! Бұл дегеніңіз – күнделікті тұтынатын тауарлардың басым бөлігі мұнайды өңдеу кезінде шығатын өнімдермен тығыз байланысты деген сөз.



Мәселен, қазіргі өмірде полиэтилен қапшық, пластик ыдыстарсыз ал құрылысты мұнай өнімі пластик есік-терезесіз, құбырсыз елестету қиын. Медицинада да, косметикада да, мұнайдың үлесі бар. Киім фабрикасында қолданылатын нейлон материалы мұнайдың жемісі. Осылай жалғастыра беруге болады. Демек, мұнай күнделікті өмірмен тығыз байланысып кеткен. Табиғи байлықтардың ішінде мұнай және газдың экономикалық та саяси да орны ерекше әрі өзгеше.

Қазақстан үшін де солай... Қара алтынға бай Қазақстанның Атырауы да бұрыннан ғалымдардың назарында болатын. Сол себепті патшалы Ресейден келген кәсіпкерлер қазақ жеріндегі мұнай ошақтарын іздеуге, зерттеуге және барлауға келісім шарт жасап, Атырау облысы Жылыой ауданына қарасты Қарашұңгіл алаңында алғашқы бұрғылау жұмыстарын 1894 жылы бастапкеткен болатын. Осыдан кейін 5 жыл уақыт өткесін, яғни, 1899 жылы сол жерде 7 ұңғымада 40 метр тереңдіктен мұнай фонтаны атқылайды. Дәл осы оқиға Қазақстандағы алғаш мұнайдың өндірілуі болып тарих бетіне жазылды. Содан кейін 1911 жылы сәуірде Атырау облысы Доссор кенішінен жаңа мұнай көзі табылады. Сөйтіп қазақ елінде мұнай өндірісі басталады. Бұның бәрі оңайға соққан жоқ. Осының барлығы ұжымның бірлігінің арқасында іске асты, себебі жалғыз адам әсте бұндай өндірісті бастай алмас еді. Еліміздің мұнайы мен газы – бүгінгі күннің несібесі болашақтың іргетасы. Атырау облыс экономикасының құрылымында мұнай – газ кешені басымдықты орын алады. Атырау облысында 15 кәсіпорын мұнай өндірумен айналысады. Шикі мұнай өндіруде ең үлкен үлес салмағын

«Теңізшевройл» ЖШС және «Ембімұнайгаз» АҚ алады. Осындай алып компанияға айналу үшін ұзақ уақыт, қажырлы еңбек кетті.

Міне, биыл «Ембімұнайгаз» АҚ-на 100 жыл толып отыр. Осынау 100 жылда қаншама ұжымдасқан еңбек етілді. «Ембімұнайгаз» ұжымы құрылған жылдан осынау жылға дейін, ел экономикасына, және Атырау халқына сүбелі үлесін қосып келеді. Олай дейтінім, компания өңірдің инфрақұрылымын дамытуға, әлеуметтік салаға, қайырымдылық көмекке, тіпті барлық салаға өз көмегін тигізіп келеді. Үйі жоқ жандарға үй алып беріп, талай жанның алғысын алып келеді. Осының барлығы – ұжымның бір ұйым боп еңбек етуінің арқасы. Осындай мол халықтың алғысын алған компанияға, міне, 100 жыл толып отыр.

Мен Тоқтар Нығметов «Қайнармұнайгаз» мұнай және газ өндіру басқармасына қарасты Б.Жоламанов кен орнында еңбек етемін. Ұжымым өте жақсы. Олай дейтінім, өзіміз аз



Бізде ұжым бір-бірімізге осылай корпоративті рух беріп, әрқашан қолдап жүреміз. Барлық компанияға қарасты кен орындары осындай ұйымшыл болса, Компаниямыз одан әрі өркендей берері сөзсіз. Себебі, «Бірлік бар жерде – тірлік бар» деп қазақ атамыз текке айтпаған.

Пандемия кезінде біздің ұжым Мұқыр селолық ауруханасына жасанды дем алу аппаратын сыйға тартты. Себебі, ауру күн санап өршіп жатты. Өзім де аянып қалмай демалыста, Атырау қаласы ауруханасында және үйде жатқан қарт кісілерге тамақтай, ауруханаға оттегі баллонын апарып көмек қолымды создым.

Біздің қайнар жастары да бір-бірімізбен тығыз байланыстамыз, қандай шара болмасын бірге ақылдасып шешіп, дайындаламыз. Соның арқасында талай шараларда жүлделі орындарға ие болып келеміз. Осының барлығы – ұжымдық рухтың, қолдаудың арқасы. Осы орайда, біздің кен орнымыз үздік ұжым номинациясына ие болды. Сол сәтте барша ұжым боп көңілімізге қуаныш ұялады. Біздің ұжым барлық мейрамдарға, іс-шараларға белсенді қатысып тұрады.

Мен өзімді осындай 100 жылдық тарихы бар «Ембімұнайгаз» компаниясында және ұжымы жарасқан Б.Жоламанов кен орнында жұмыс жасайтынымды мақтан тұтамын. Осы орайда, компания қызметкерлерін, жастарды биылғы 100 жылдық мерейтойды атап өтуге баршамыз бірге атсалысуға шақырамын. Компаниямды ғасырлық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын! Компаниямыз одан әрі дами берсін, шарықтай берсін. Құтты да берекелі, мерекелі жыл болсын. Мұнайымыз көп болсын!

Эсsemді осы бір өлең шумағымен аяқтаймын...
Ембімұнайгаз, сен едің мақтанышым,
Жүректе әр кез атың сақталар шын.
Бүгінгі мерейтоймен құттықтаймын
Жасашы мейлі көп жыл, мейлі ғасыр.



Тоқтар НЫҒМЕТОВ,
«Қайнармұнайгаз» МҒӨБ мұнай дайындау және айдау цехының операторы



адам болсақ та, өте ұйымшыл, бірлігіміз жарасқан. Себебі, ұжымымыз – бұл екінші үйіміз. Мысалы, бір жылдың жартысын жұмыста өткіземіз. Бұл біздің бір отбасындай, бір ұжым болуға, сыйласуға өз септігін тигізеді.

Президентіміз Қ.К.Тоқаев айтқандай, еліміздің дамуы үшін бірлігіміз жарасқан мықты ел болуымыз керек. Сол сияқты, біздің кен орнында осы ұстанымды ұстанады. Өздеріңіз білесіздер, соңғы екі-үш жылда, яғни, 2019-2021 жылдары бүкіл әлемде COVID-19 ауруы белең алды. Бұл ауру Қазақстанды да айналып өтпеді. Осынау қиын кезде мұнай өндірісін тоқтатпауға жұмыстандық. Алғашқы кезде жұмыста жүріп 56 күнге қалуға тура келді. Сол кезде кен орнында аз адам қалып, бір-біріміздің орнымызға тұрып, бір-бірімізді қолдап, ұжымда жақсы еңбек етуге тырыстық. Ауру облысымызға келіп, өте қиын жағдай болды. Осындай ұйымшылдықтың арқасында, қиын-қыстау кезді бағындыра білдік. Осы ретте барша қолдаған ұжымымызға, басшыларға шексіз алғыс айтамын.








Мұрағат деректері сыр шертеді



«Ембімұнайгаз» АҚ-ның 100 жылдығы аясында жүргізілген мұрағаттық зерттеу жұмыстары нәтижесінде бірқатар архивтік құжаттар мен фото/видеоматериалдарға қол жеткіздік. Сіздердің назарларыңызға Ембі өндірісінен сыр шертетін, ембілік мұнайшылардың ерен еңбектерін паш ететін ҚР Мемлекеттік архивінен алынған суреттерден фотоэтиюд ұсынамыз.

Сіздерде де сақталған архивтік фотосуреттер болса, редакциямызбен бөлісуге болады.





ӘРІПТЕСІМІЗ ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБА ГРАНТЫН ҰТЫШ АЛДЫ



Жуырда әріптесіміз ЕМГ Орталық бухгалтерияның жетекші бухгалтері Күнсұлу Ізмағанбетова әлеуметтік жобаға жетекшілік етіп, «Теңізшевройл» ЖШС қаржылық қолдауымен, Орталық Азияның Еуразия қорының «Qogamdyq Kenistikter» жобасының грантын жеңіп алды. Нәтижесінде, өзі тұратын Сәтпаев көшесіндегі 42-үй алдында балаларға арналған ойын алаңы салынып, ашылу салтанаты өтті.

Жаңа ойын алаңы заманауи жабдықтармен жабдықталған. Жобаға қатысу кезінде Күнсұлу бұл бастаманың тиімділігін көршілеріне түсіндіріп, жеткізіп, ойын алаңын салу жобасын бірігіп жасақтайды.

- Мен бұл үйде бала кезімде тұрдым. Кейін оқуға түсіп, Нұр-Сұлтан қаласында тұрдым. 15 жылдай уақыттан кейін кері оралғанымда байқағаным, көп ештеңе өзгермеген. Үйдің алдындағы алаң дәл сол күйінде еш жаңартылмастан тұр. Шынымды айтсам, балалар ойнайтын алаңның да болмағанына қынжылдым.

Бір күні «Теңізшевройл» компаниясы мен Орталық Азияның Еуразия қорының біріккен «Қоғамдық кеңістіктер» деп аталатын әлеуметтік жобаларды қолдау бағдарламасы туралы естіп, қатысуға шешім қабылдадым.

Осылайша, үй тұрғындарымен бірігіп, жаңадан балалар ойын алаңқайын салу жобасын дайындадық. Оқу талаптарынан сәтті өтіп, грантты утып алдық. Бұл жерде атап өту керек, үлес тек менікі емес, бұл жетістік үйдің барлық тұрғындарының ортақ жеңісі, - дейді әріптесіміз «Солнечный островок» жобасының жетекшісі Күнсұлу Ізмағанбетова.

Бұл жетістікке балалармен қоса ата-аналар да дән риза. «Үйде телефон ойнағаннан гөрі аулада көбірек уақыт өткізгендері әлдеқайда пайдалырақ» дейді үй тұрғындары.

Қоғам өміріне бей-жай қарамайтын жаңдар арасынан әріптесіміздің де табылуы – ембіліктер үшін зор мақтаныш. Әріптесімізді жеңісімен құттықтаймыз!



ЕмбіМұнайГаз
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

Құрметті «Ембімұнайгаз» АҚ және Қоғам аумағында қызмет көрсететін мердігер мекеме қызметкерлері!

«Ембімұнайгаз» АҚ-да «СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ» желісі жұмыс жасайды. Сіздің әлеуметтік бағытта сұрағыңыз, пікіріңіз, ұсынысыңыз, шағымыңыз болса хабарласыңыз (хабарламалар құпия қарастырылады).

WhatsApp: 8 771 002 68 95



K.Kalidullin@emg.kmgp.kz

Калидуллин Қуандық Мәдениетұлы

Әлеуметтік саясат және әкімшілік қамтамасыз ету департаментінің директоры

Ескерту: Жолданған хабарламаға қызметкер - жағдай орын алған нысан, өндіріс орнының атауын көрсетуі сұралады.

Меншік иесі: «Ембімұнайгаз» АҚ

Шығарушы: Ұйымдастыру бөлімі
Бас редактор: А. Ертлеуова

Газет ҚР Ақпарат және коммуникация министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2018 жылғы 23 желтоқсанда N17430-Г куәлігі берілді.

Газет айына 2 рет шығады.

Таралымы – 3500 дана.

Редакцияның мекен-жайы: Атырау қ. Ш. Уәлиханов көш., 1.

Хат-материалдарды төмендегі мекен-жайға жолдай аласыздар:

Ғ.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21; 21-121.

G.Karajanova@emg.kmgp.kz

А.Ертлеуова – 8 (7122) 99-32-09, 21-309

A.Ertleuova@emg.kmgp.kz

И.Сатылғанова – 8 (7122) 99-34-64; 21-166

I.Satylganova@emg.kmgp.kz

Баспахана:

«Жаркын Ко» ЖШС

Мекен-жайы: Нұр-Сұлтан қ., Абая даңғ., 57/1.

Тел: +7(7172) 21-50-86.

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

Р.Тасмағамбетова - Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары;

Қ.Қасымғалиев - Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары;

Г.Шарафетдинова - қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаментінің директоры;

Т.Сәрсенов - мұнай және газ өндіру департаментінің директоры;

Қ.Калидуллин - әлеуметтік саясат және әкімшілік қамтамасыз ету департаментінің директоры;

Ж.Мұқанғалиев - өнеркәсіп қауіпсіздігі бөлімінің бастығы;

Ғ.Қаражанова - ұйымдастыру бөлімінің жетекші маманы;

Ж.Дәуітов – «Жас мамандар» кеңесінің төрағасы.